

АБЫСҚА ТОЛЫ

80

ЖЫЛ

ЖЕТ УСПЕХА
YEARS OF LEADERSHIP



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ФАКУЛЬТЕТІ
ФАКУЛЬТЕТ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ

ҚАЗІРГІ ҚЫТАЙДЫ ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ
ЦЕНТР ИССЛЕДОВАНИЯ СОВРЕМЕННОГО КИТАЯ

ҚЫТАЙ МЕН ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ ҚАТЫНАСТАРЫ: ТАРИХЫ МЕН БОЛАШАҒЫ

Тарих ғылымдарының докторы, профессор
НӘБИЖАН МҰҚАМЕТХАНҰЛЫНЫҢ
60 жылдық мерейтойына арналған
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ

14 мамыр 2014 жыл



ОТНОШЕНИЯ КИТАЯ СО СТРАНАМИ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: ИСТОРИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

международной научно-практической конференции,
посвященной 60-летию юбилею
доктора исторических наук, профессора
НАБИЖАН МУКАМЕТХАНУЛЫ

14 мая 2014 года

Алматы 2014

ҚАЗІРГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННЫХ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ

Қожахметұлы К., Андижанов А.Т. Проблемы оборонного сектора КНР (1949-1959)	86
Губайдуллина М.Ш. Китайский вектор в Европейской стратегии развития отношений с Азией	90
Алдабек Н.А., Сериккалиева А.Е. «Новая дипломатия Китая» и Шанхайская Организация Сотрудничества	94
Макашева К.Н. ШОС и вопросы формирования Энергетического клуба	97
Идрышева Ж.Қ., Ж.Бекетан, Жакитова М.Қ. XX ғасырдың соңғы он жылдығындағы Қытай мен Ресей арасындағы энергетикалық саладағы ынтымақтастық	102
Смағұлова К.Қ. Қытайдың Шыңжаңдағы аз ұлттарға ұстанатын саясаты	108
Акатаева А.А., Zhakenov D. China and US relations at present international relations	110
Күзембаева А.Б., Ұзақбаева Г. НАТО және ШЫҰ: тоғысу нүктесі	117
Жұматай Ғ.Б. Қытайдың демографиялық саясаты және оның халықаралық қатынастарға ықпалы	119
Ташметова Р.С. Тәуелсіз Қазақстан мен Қытай Халық Республикасы арасындағы дипломатиялық қатынастың қалыптасуы	126
Ibraeva E.B., Rakhimbaeva R.M. Kazakhstan and China: current position of affairs	128
Қожахметұлы К. Казахстан: проблема воды и национальная безопасность	130
Байзакова К.Е., Кызылбаева Ж.С. Ұжымдық қауіпсіздік жөніндегі келісім-шарт ұйымына мүше елдерінің ұлттық мүдде аясындағы стратегиялары	132
Мұқаметхан Н, Мырзақімова Т. Пәкістан сыртқы саясатының қалыптасу факторлары	138
Макашева К.Н., Тауасарова Ж.Ә. XXI ғасырдағы Еуразиялық идея және Қазақстанның даму мүмкіндіктері	142
Мовкебаева Г.А. Стратегия обеспечения энергетической безопасности Европейского Союза	145
Қожахметұлы К., Батырбекова А. Жапонияның қазіргі кезеңдегі саяси дамуының ерекшеліктері	150
Kukeeva F.T., Sembekov N. The role of university cooperation programme on providing humanitarian aids the case of the former Yugoslavia	154
Ауган М.А., Малгунусова А, Садықов А. Борьба с религиозным экстремизмом и терроризмом: опыт Казахстана	159
Chukubayev E.S., Kanaliyeva R.S. The threat of industrial espionage and information protection between Asia-Pacific Region and US	162
Мырзабеков М.С. Дүниежүзілік сауда және АКТ елдерінің Доха келіссөздеріндегі позициялары	166
Әліпбаев А.Р., Бөжеева Б.З. Дарфур қақтығысының шығу себептері және шешілу мүмкіндіктері	172
Исова Л.Т. Түркі әлемінің көшбасшысы Мұстафа Кемал Ататүрік көзқарасындағы жастар бағдарламасының өміршеңдігі	175
Кульбаева А.Т. Проблема 2014: казахстанский вектор	177
Chukubayev E.S., Kenzhegulov K.S. International terrorism as a crime against the peace and security of humanity	180
Копербаев Ж.Д. Казахстанско-российское сотрудничество в атомной энергетике в контексте евразийской интеграции	183
Мырзабеков М.С., Айдабосын С. Қазақстан мен Қырғыз Республикасы арасындағы сауда-экономикалық байланыстардың саяси-құқықтық астарлары	186
Әліпбаев А.Р., Әби Ж. Қазақстан мен Ресей арасындағы трансшекаралық өзендер мәселесі	188
Балаубаева Б.М., Әмірқұлова А.А. Оңтүстік-Шығыс Азиядағы қытай миграциясы	192
Шкапяк О. Политика России в Центральной Азии в области безопасности: исторический аспект	196
Момынкүлов Ж., Құрманқұлов М. Сириядағы қарулы қақтығыстың қазіргі ахуалы	199
Малбаков Д. Влияние внешних центров сил на процесс трансформации в Восточной Европе	201

Макашева
дағдарысы
Деловаров
сотруднич
Абдыхалы
Үндістан а

Аубакиро
Изимов Р.
Медухано
современн
Омарова
Иембеков
мүддесі
Чжан Юи
Экономич
Мұқамет
Елемесов
перспект
Байгісие
Байгісие
Ондаш А
тәжірибе
Момынк

Аюпова
укреплен
Самалди
Айдарба
Досымб
основы с
Казахста
Машим
вступлен
союза
Айдарб:
Сайрам
Ергобет
в развит
Ахатов
құқықт
Жунисе
заңнам
Даркен
халықар
Манин
стронте

АВТО

Күзембаева А.Б., Ұзақбаева Г.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан

НАТО ЖӘНЕ ШЫҰ: ТОҒЫСУ НҮКТЕСІ

XXI ғасыр халықаралық қауымдастықтың алдында тұрған жаңа қауіптер мен үндеулерге толы болуымен, ал қазіргі халықаралық қауіпсіздік жүйесі өзінің тұрақсыздығымен ерекшеленеді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Н.Назарбаевтың сөзімен «әлем әйнек тәріздес осал бола бастады» [1]. Сондықтан қазіргі таңдағы әлемдік дипломатияның алдыңғы қатарлы міндеті – әлемдегі тұрақтылықты қамтамасыз етіп, жаңа үндеулер мен қауіптерге жауап беруге дайын қауіпсіздік жүйесін құру. Бұл мақсатты жүзеге асыруда қауіпсіздік саласындағы халықаралық және аймақтық ұйымдардың ролі және олардың өзара әрекеттесуге қабілетінің маңыздылығы арта түседі.

Солтүстік-Атлантикалық Шарт Ұйымы (НАТО) – құрамында Солтүстік Америка, Батыс, Орталық және Шығыс Еуропа елдері және Түркия бар әлемдегі ең ірі әскери-саяси блок. НАТО Батысқа қатысты қауіп-қатерлермен күрес үшін әскери ұйым ретінде құрылып, көптеген жылдар бойы өз міндетін осы бағытта атқарып келді. Соңғы 20 жылда НАТО түбегейлі трансформацияға ұшырады: «сыртқы-қабақ» соғысының аяқталуымен Шығыстан төнген қауіп жойылды; ұйым бірнеше кеңсеулерін қамтамасыз ету мақсатында өз мүшелікке қабылдап баған мемлекеттермен «бейбітшілік үшін серіктестік» атты бағдарлама дайындалды; әлемнің геосаяси және әскери-стратегиялық сипаты өзгерді. Осы орай, ұйымның мақсаттары, міндеттері мен қызметтері өзгермей қала алмады. Алайда, НАТО саяси өзгерістерге қарамастан белсенді сипатын жоғалтпады.

НАТО 1991 және 1999 жылдары қабылдаған Стратегиялық концепциялары аясында дамып, өзгерістерге ұшыраса, 2001 жылдың 11 қыркүйек оқиғасы халықаралық қатынастар сипатының түбегейлі өзгеруіне алып келді және бұл НАТО-ның қауіп төнген сәтте одақ ретіндегі өміршеңдігіне қысық болды. Аталмыш оқиға нәтижесінде Ауғанстандағы НАТО әскери контингентінің орналасуы Шығыс аймақтық қауіпсіздіктің айтарлықтай элементіне айналды: бұл елдегі қауіпсіздік саласымен қатынасты барлық шаралар альянс бақылауында. 2001 жылы БҰҰ мандатымен құрылған Афганистандағы Халықаралық қауіпсіздік қолдау күштері 2003 жылдан бастап НАТО басқаруында жұмыс етіп келеді.

Орталық Азияның басқа мемлекеттеріне қатысты НАТО-ның сыртқы саяси құралы ретінде «бейбітшілік үшін серіктестік» атты бағдарламасы жүзеге асырылып отыр. Бұл аймақтық бағдарлама «инициативті бейтараптылық» ұстанушы Түркменстан да қатысады. Ал 2004 жылы Стамбул саммитінде Кавказ және Орталық Азия НАТО үшін стратегиялық маңызы бар аумақ болып танылып, осы аймақтар бойынша НАТО арнайы өкілі институты құрылды. Яғни қазіргі таңда Орталық Азия НАТО-ның өмірлік маңызды мүдделерінің аумағы болса, аймақтық ұйым ШЫҰ үшін табиғи мүдделер аумағы болып табылады.

2010 жылдың қараша айында Лиссабон қаласында өткен альянс саммитінде қабылданған жаңа стратегиялық концепция альянстың ұзақ мерзімді мақсаттары мен міндеттерін айқындады. Қауіпсіздік саласындағы НАТО-ның бірінші кезекті міндеттері келесідей:

- суро-атлантикалық аймақ тұрақтылығының негізі болу;
- қауіпсіздік мәселелері бойынша кеңес беру үшін форум ретінде қызмет ету;
- НАТО мүше-мемлекетін агрессияның барлық қаупінен ұстап тұру және қорғау;
- қауіпсіздік қысықтардың эффективті алдын-алу және дағдарыстарды реттеуде белсенді қатысу;
- суро-атлантикалық аймақтың басқа да мемлекеттерімен кеңкөлемді әріптестік, ынтымақтастық қатынастың дамуына ат салысу.

Әрине бұны өз кезегінде НАТО-ның ШЫҰ секілді ұйыммен қауіпсіздік саласында тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында өзара әрекеттесуге дайындығының дәлелі ретінде қарастыруға болады.

Сарапшылар бағалауынша, 2010 жылдың қараша айында Лиссабонда қабылданған Стратегиялық концепцияда үш шешуші мақсат - ұжымдық қорғаныс, дағдарысты реттеу, ынтымақтастық негізін қалыптастыруды нығайту ерекшеленеді [2]. Яғни, ұйымның суроатлантикалық қорғаныс құрылымы жаһандық көлемде қауіпсіздікті қамтамасыз ететін ұйымға айналуы қарастырылған.

ШЫҰ өз кезегінде Кеңес Одағының ыдырауынан кейін пайда болған ұйым. 1996 жылы төрт Шығыс Азиялық республикасы мен Қытай «Шанхай бесігін» құрды. Ұйымды құрудағы негізгі мақсат Шығыс аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі болатын. Сондықтан да, «бестік» ұйымының алғашқы қабылдаған құжаттары – Шығыс аймақтағы Әскери саладағы ынтымақтастық туралы келісім (Шанхай, 1996 жылдың 26 сәуірі) мен Шығыс аймақтағы қауіпсіздік туралы өзара келісім (Мәскеу, 1997 жылдың 24 сәуірі) болуы кездейсоқтық емес.

Бұл келісімдер мүше мемлекеттер арасында сенімді нығайтып, бестік 2001 жылы Өзбекстан қосылуымен «Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына» айналды. Ендігі ұйымның мақсаты – терроризм, сепаратизм және экстремизммен күресу [3].

ШЫҰ антибатыстық немесе антиамерикандық бірлестік болып бағалануы негізсіз деп есептейміз, себебі бұл ұйымның мүшелері аймақта батыс елдері немесе халықаралық ұйымдардың болуына қарсылық білдірмейді. ШЫҰ жария ететін құжаттардың бірінде болмасын АҚШ немесе Батыстың басқа мемлекеттері жөнінде жағымсыз сөз қозғалмады. Сонымен қатар, ШЫҰ мүше-мемлекеттері жаһандық және аймақтық деңгейдегі қауіпсіздік жүйесін нығайту үшін басқа халықаралық ұйымдармен әрекеттердің үйлесімділігін күшейтуді мойындайды.

Алайда, ШЫҰ дамуындағы бірқатар объективті тенденциялар Батыс тарапынан бұл ұйымның «шығыстық анти-НАТОға» айналуы тәріздес белгілі бір сескенушілік туғызады [4]. Бұл үрейлер бірнеше факторлармен анықталады:

- Біріншіден, ШЫҰ әлемдік мойындалуының деңгейі жоғарылап, нәтижесінде Азиялық аймақтың ірі мемлекеттері тарапынан қызығушылық артып отыр. Бізге белгілі Иран, Пәкістан және Үндістан ШЫҰға толыққанды мүше болуға асық. Бұл мемлекеттердің ұйымға мүше ретінде қабылдануы екіталай болғанымен (ұйымға шиеленісті қатынастары бар мемлекеттер қабылдануы үлкен мәселе) ШЫҰның мүмкін екі ядролық держава мен аймақтық көшбасшы рөліне ұмтылушы Иранның қосылуы нәтижесінде кеңейіп Батыс үшін азиялық континенттегі стратегиялық мүдделеріне потенциалды қауіп ретінде есептеледі.

- Екіншіден, батыс сарапшылары ШЫҰ шеңберіндегі тығыз әрекеттесудің нәтижесі ретінде Ресей мен Қытай ұстанымдарының жақындауына ерекше көңіл бөледі [5]. Бұл тұрғыда Ресей мен Қытай ара-қатынастары қақтығыстық сипатта болмағанымен, екі тараптың арасында мәселелер мүлдем жоқ деп тұжырымдау да қате. Екінше жағынан, Ресей мен Қытайдың орталықазиялық мемлекеттермен қатынастарының дамуы аймақтағы Батыстың ықпалының төмендеуінің шарты десек болады.

- Үшіншіден, ШЫҰ мүшелері Батыс елдерінің жағына өзінің пікірін ашық білдіруі орын алды. Сондықтан, ШЫҰ елдері жеке Батыспен конфронтацияға түспесе де, ұйым деңгейінде Орталық Азия аймағында батыс державаларының саясатымен көңілі толмайтынын айта алады. Бұның мысалы ретінде – 2005 жылғы Астана саммитінде қабылданған ШЫҰ Декларация: дәл сол кезде алғашқы рет орталықазиялық елдердің аумағында американдық әскери базалардың орналасуының мерзімін анықтау мәселесі көтерілді [6].

Сонымен қатар ШЫҰ қалыптасуынан бастап ұйым мүшелері бірполярлы әлем құрылысын қабылдамауын жария етеді, ал АҚШ болса, жаһандық көшбасшылыққа ұмтылысын көрсетеді.

- Төртіншіден, ШЫҰ мемлекеттерінің жыл сайын антитеррорлық жаттығулар әр елдердің аумағында кезек сайын жүргізуі алаңдатушылық туғызып отыр.

Бұл факторлардың жиынтығы ШЫҰ-ның болашақта ірі азиялық державалардың (ҚХР, РФ, Иран, Үндістан және Пәкістан) одағына айналуы мүмкіндігі үрей туғызады. Алайда, іс жүзінде бұл тәріздес үрейлер ШЫҰ-ның әскери-саяси одағына айналуға ұйымдастыру мәселелері мен жаңа мүшелердің қабылдануымен байланысты көптеген мәселелері келергі жасап отыр.

Әрине, батыс елдерін Ресей мен Қытай тәріздес екі гиганттың бір құрылымға снуі алаңдатса, ал ШЫҰ мүше мемлекеттерін (бірінші кезекте ҚХР) Орталық Азияға жақын аумақта антитеррористік коалицияның болуы сескендіреді.

2014 жылы Ауғанстаннан Халықаралық қауіпсіздікті қолдау күштерінің шығуымен байланысты ауған тақырыбы НАТО мен ШЫҰ қатынастарының негізіне айналмақ. Бұл тұрғыда басты күні есірткіге қарсы, терроризмге қарсы және қаржылық қауіпсіздік белдеулерін құруға жұмсалып отыр. 2013 жылы Бішкекте өткен ШЫҰ бекітілген органдар басшыларының кезекті кездесуінде қатысушылар «ШЫҰ аумағындағы қауіпсіздік пен тұрақтылық Ауғанстандағы жағдайдың реттелуіне байланысты» деп келіскен болатын [7]. Сонымен бірге «ШЫҰ Ауғанстаннан НАТО әскерін шығаруынан кейін бұл халықаралық күштердің орнын басуды мақсат қоймайды» [8]. Бұл тұста ШЫҰ аймақтық қауіпсіздікке мүдделі болғанымен жағдай үшін жауапкершілікті өз мойнына артуға дайын емес.

Алайда, Ауғанстандағы жағдайдың бейбіт реттелуіне ШЫҰ-ның қатысуы күн тәртібіне НАТО мен өзараәрекеттесуді қояды, ал іс жүзінде екі мемлекетаралық құрылымдар арасында конструктивті диалогтан бөлек кооперация мен координацияға деген саяси еріктің болмауы мәселеге айналуға.

НАТО мен ШЫҰ-ның өзараәрекеттесуі жолындағы бөгеттер санатында осы екі құрылымның мүшелерінің арасындағы қатынастардың күрделілігі айтарлықтай әсер етіп отыр. Бұл тұста американдық-қытайлық және американдық-ресейлік қатынастардың ерекшеліктері рөл ойнайды.

Кейбір сарапшылар пікірінше «НАТО мен ШЫҰ ынтымақтастығы үшін өзара сенім жетіспейді».

Украина дағдарысы аясындағы соңғы жағдайлар НАТО-Ресей кеңесінің қызметін жокқа шығарып десек қателеспейміз. Ресейдің Қырымды өз аумағына

қосып алуының БҰҰ тарапынан халықаралық құқыққа қайшы келді деп танылуы әлемдік қауымдастықтың қолдауына ие болды. Қазіргі таңда дағдарыс әлі жалғасуда, тек осы жағдайдың реттелуінен кейін ғана Ауғанстан мәселесіне оралып, осы тақырып бойынша НАТО-ШЫҰ өзара әрекеттесуін қарастыруға болады.

Осылайша, қазіргі таңда ШЫҰ мен НАТО-ның өзара әрекеттесуіне негіз бола алатын ынтымақтастық механизмдері, келісімдер және нормативті-құқықтық базаның болмауы айқын. Алайда, қолжазбалық құрылымдардың өзара әрекеттесуін қамтамасыз етуші эффективті механизмдердің болуы қазіргі шынайылықтың қажеттілігі екені сөзсіз. Бұл тұрғыда ОА аймақтық қауіпсіздігінің жаңа архитектурасын құру жолы болар еді, себебі НАТО мен ШЫҰ-ның аймақтағы тоғысушы мүдделері бір-бірінің қарсыласы болып қалды. Олардың бірі – альянс үшін ШЫҰ-мен әрекеттесу ауған операциясы аясында жаңа коридорлардың қажеттілігі, сонымен қатар Ауғанстаннан келетін есірткі айналымын бақылауда ұстау саласындағы тараптың ортақ мәселесі болмақ.

Осылайша, Орталық Азия аймағы алдыңғы қатарлы мемлекеттердің мүдделері тоғысатын нүктеге айналды. Сондықтан түрлі құрылымдар арасында конструктивті диалогтың құрылуы қажеттілік болып табылады.

1. "Мир стал хрупкий, как стекло...", - Елбасы поздравил казахстанцев с праздником Наурыз // www.centrasia.ru/newsA.php?st=1395430500
2. Петров В. Основные итоги Лиссабонского саммита НАТО / В. Петров // Зарубежное военное обозрение. 2011. № 2.
3. Шанхайская Конвенция. // https://www.unodc.org/tldb/pdf/Shanghai_Convention_Combating_Terrorism_Russian.doc
4. Шанхайская организация сотрудничества: по материалам британских и американских исследователей, 6 июля 2007 // www.infoshos.ru/ru/idp=330
5. Уверенная поступь Востока вызывает дрожь у Запада, 18 августа 2007 [<http://www.fergananews.com/article/3292>]
6. Астанинская декларация глав государств ШОС, 6 июля 2005. [<http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1120666800>]
7. Итоги пресс-конференции Секретаря Совета безопасности КРБ Табалдиева по итогам встречи Комитета Секретарей обороны государств ШОС, 29 апреля 2013 года.
8. ШОС не будет подменять НАТО в Афганистане после ухода войск международной коалиции/<http://itar-tass.com/rolika/887807>

Жұматай Ғ.Б.

Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ Университеті, Алматы, Қазақстан

ҚЫТАЙДЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРҒА ЫҚПАЛЫ

Ғалымдар демографияны – елдердің, өркениеттердің тағдыры ретінде қарастырады. Өйткені өмір сүруі оның демографиялық өсіміне тікелей тәуелді болатыны анық. Демография халықаралық қатынастар мен тарихи дамуға тікелей әсер ететін бірден-бір фактор болып табылады. Қандай да бір өркениет немесе халық депопуляция қауіпімен соқтығысып жатса, олардың жер бетінен жоюы немесе басқа әлдеқайда қуатты халықтың (өркениеттің) құрамына еніп, жұтылып қалуы тарихи фактілер дәлелдейді.

Осыған орай Батыста демографиялық мәселелерге қатысты түрлі теориялық бағыттар пайда болды. Ағылшын жазушысы У. Годвин 1793 жылы жарық көрген «Саяси әділдік туралы ойлар» атты еңбегінде халықтың кедейшілікке ұшырауының басты себебі табыстарды тең бөліспеуден және мемлекеттік мекемелердің жетіспеушілігінен орын алып отыр деген еді. Француз ғалымы Ж. Кондорсе «Адам ақыл-ойының дамуының тарихи бейнесі» еңбегінде халық санының өсуі оң фактор ретінде бағаланады.

Сонымен қатар аталған авторлар демографиялық мәселе төңірегінде оң пікірлерін білдіргенмен, қоғамында оларға толық қарама-қайшы келетін теориялар мен идеялар да кеңінен тарады. Олардың қатарына мальтузиандық, социал-дарвинизм, нәсілшілдік, нацизм, кейінгі кезеңдерде фашизм, антинатализм секілді теорияларды жатқызуға болады.

Еуропадағы қарқынды демографиялық өсімді аса күрделі саяси, экономикалық және әлеуметтік мәселе ретінде қарастырған мальтузиандық теория халық санының үздіксіз артуы ауқымды қоғамдық